

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 наурыздағы N 261 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы N 781 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.28 N 781 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 15, 195-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Астықты және оны сақтау мен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесінде:

"жабық" деген сөз алынып тасталсын;

15-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екінші деңгейдегі банктің немесе Тапсырыс беруші анықтаған ұйымның ықтимал астық берушіге кепілдік беру ниеті туралы хаты. Мемлекеттік астық ресурстарына астық беруді ұсынатын ықтимал астық берушілер екінші деңгейдегі банктің ықтимал астық берушіге банктік кепілдік беру ниеті туралы хатын ұсынады. Кепілдік сомасы берілетін астық көлемінің құны және ол берілмеген немесе толық берілмеген жағдайда, тұрақсыздық айыбы мөлшерінде анықталады;" ;

26-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы уәкілетті органының облыстық аумақтық басқармасы берген өсімдік карантині жөнінде бақылау жүргізу туралы акт."

N 1 қосымшада:

3.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.1. Осы шарттың тиісінше орындалуын қамтамасыз ету үшін Жеткізуші шартқа қол қойылған күннен бастап ____ банктік күн ішінде Тапсырыс берушіге шарттың 2.2-тармақшасында көрсетілген сомаға тең келетін, сондай-ақ шарттың жалпы сомасының ____%-ы мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын қамтитын сомаға

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің төлем кепілдігін немесе Тапсырыс беруші анықтаған ұйымның кепілдігін (бұдан әрі - Кепілдік) ұсынады. (Мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізушілер Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің төлем кепілдігін ұсынады).

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің осы тармақшада көрсетілген сомаға төлем кепілдігі мына банктердің біреуінен: _____

свифт немесе телекс арқылы авизалануы тиіс.";

3.3-тармақтағы "Шарттың 3.1-тармақшасында көрсетілген сомаға кепілдік мына банктердің біреуінен: _____ свифт немесе телекс арқылы авизалануы тиіс." деген сөздер алынып тасталсын;

5.1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте Жеткізуші әрбір жеткізілмеген астық тоннасы үшін Тапсырыс берушіге әрбір жеткізілмеген астық тоннасы құнының ___%-ы мөлшерінде айыппұлды қосымша төлеуге тиіс."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі